

кізудің амалдарын меңгерген кезде еркін сөйлеу деңгейіне жетеді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қ. Қадашева. Қазақ тілі деңгейлік игеру. ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. – 2003. – №4 (66). – 75–80 б.

2 Р. Дүйсенбаева, Г. Мұсаева, Ж. Нұршайықова, Ө. Валеева, Г. Өтебалиева. Қазақ тілі шет тілі ретінде // Қазахский и русский языки в программах. – А., 2005.

3 З. Кузеева. Екінші тіл ретіндегі қазақ тілі оқулығының теориялық лингвистикалық негіздері: Док. дисс. – А., 2005.

Резюме

В статье рассматриваются особенности диалога при усвоении казахского языка как второго в иностранных аудиториях.

Conclusion

This article touch's upon the peculiarities of a dialogue in learning Kazakh language as the second language.

ФИЗИКА САБАҒЫНДА ЭТНОПЕДАГОГИКА ЭЛЕМЕНТТЕРІН ҚОЛДАНА ОТЫРЫП, ОҚУШЫЛАРДЫҢ ІЗДЕНІМПАЗДЫҚ ЖӘНЕ ЛОГИКАЛЫҚ ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУ ЖОЛДАРЫ

Хамзина К.Б., Ерекин А.М.

Егеменді елдің ертеңгі оқу-білімінің теңдігімен өлшенеді. Толассыз, үздіксіз өзгеріп тұрған әлем адамнан да қабілет пен қажеттіліктерді үздіксіз дамытуды талап етеді. Қазір *Білім парадигмасы* өзгереді.

Бұрынғы оқу үрдісінде мұғалімге басымдық рөл берілсе, қазіргі оқу үрдісінде оқушы белсенділік көрсетуі керек. Оқушыны оқытпайды, ол өздігінен оқуы – ізденуі қажет.

Оқушыға белгілі бір дәрежеде білім берумен қатар оқуға, үйренуге деген ынтасын арттыру әр ұстаздың басты міндеті. Сабақ барысында шәкірттің білімге құштарлығын арттыру, өздігінен ойлау қабілетін жандандыру, жалпы оқушы бойында жауапкершілік сезімін қалыптастыру – ешқашан күн тәртібінен түспейтін мұғалімдерге қойылатын басты талап.

Қазақ этнопедагогикасы материалдарын сабақта және сабақтан тыс шығармашылық іс-әрекеттерде, тәрбие жұмысы жүйесінде пайдаланудың мақсат, міндеттерінде айтарлықтай алшақтық болмағанымен, олардың білім мен тәрбие міндеттерін шешу, жүзеге асыру амалдарының өзіндік ерекшеліктері, бір-бірінен айырмашылықтары бар. Сабақ мазмұнымен салыстырғанда сыныптан тыс шығармашылық іс-әрекет оқушының жеке-дара сұраныстарын, талап-тілегін қанағаттандырып, өз қалауымен шұғылданатын өнер, әдебиет, спорт, тарих, т.б. салалардағы табиғи бейімділігін, қабілетін, дарын, талантын ұштауға бірқатар мүмкіндіктер туғызады. Сыныптан тыс шығармашылық әрекеттерде тәрбие шараларын ұйымдастыруға ата-аналар, өнер адамдары, қоғамдық ұйымдар, білікті мамандар, ғалымдар-

дың қатысуы бала тұлғасының қалыптасуына аса зор ықпал етеді.

Физика – жеке тұлғаның ақыл-ой қабілетінің көзін ашу және оның үздіксіз дамуы мен жетілуін қамтамасыз ететін пәннің бірі.

Физикадан берілетін білімді түрлі мәселелерді шешуге, шығармашылықпен қолдануға алғы шарт болатын әлеуметтік мәні бар дағдыларды, ғылыми көзқарастарды оқушы бойында қалыптастыру үшін оқушының өзі ізденуі қажет. Оқушының шығармашылық ойлауын қалыптастыруға негіз болатын физиканың кез келген тақырыбының белгілі бір мазмұндық құрылымы болады. Олар:

- фактілердің жалпылануы;
- абстрактілік модель құрылуы;
- теориялық салдар;
- бұл салдардың эксперименттік тексерілуі.

Физиканы оқытудың бірінші кезеңінде оқушыларды физика тілінде сөйлеуге үйрету керек. Ол үшін мынадай алгоритмді пайдалануға болады:

- құбылыс, туралы не білуге болады?
- құбылыстың сыртқы сипаты және өту шарты;
- оның басқа құбылыстармен байланысы;
- құбылысты сипаттайтын шамалар;
- практикада қолданылуы;
- техникалық қондырғылардағы құбылыстардың зиянды әрекеті және қоршаған ортаға зияны.

Бұл алгоритм оқушылардың логикалық ойлауын елестетуін дамытуға негіз болады.

Оқушылардың ойлау қабілетін дамыту үшін сапалық есептер шығару өте пайдалы. Сапалық есептерде математикалық күрделі өрнектер жоқ, сондықтан оқушы есеп шығаруға да дағдыланады, үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс жасауға мүмкіндік туады. Сапалық есептерді шығара отырып оқушының пәнге қызығушылығы артады. Физика сабағында оқушылардың қызығушылығын пәнаралық байланыс арқылы және қоршаған ортада жиі кездесетін құбылыстар арқылы жүзеге асыру – технологиясындағы қажетті тәсілдердің бірі.

Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту мақсатында сабақта, үйірме сабақтарында немесе үйге тапсырма ретінде оларға физикалық ертегі немесе әңгіме құрастыру олардың ойлау қабілеттерін шыңдай түсетіні анық. Бұл оқушылардың сөздік қорын молайтуға, өз бетімен дербес жұмыс істеу дағдысын дамытуға көп септігін тигізеді.

Жылу құбылыстары тарауы бойынша оқушылардың білімін Шығайбай ертегісін, осы ертегіге байланысты суреттерді пайдалана отырып толықтыруға болады. Алдаркөсе қандай айла-тәсілмен бойдың тонын алып қалды? – деген сұрақты қоя отырып, оның физикалық тұрғыдан түсіндіре кету керек. Алдаркөсенің ішкі энергия есебінен терлеп-тепшіп тұрғандығын, неліктен байдың тонын киіп алды? – деген сұрақ қою арқылы әр түрлі заттардың жылу өткізгіштігі тақырыбы бойынша, түлкі ішік, түлкі тымақ жүндерінің арасында ауа болатындығын, ал ауаның жылуды нашар өткізетіндігі айтылады.

Физика сабағын оқушының қызығушылығын арттырып, түрлендіре жүргізсе, жақсы нәтижеге қол жеткізуге болады. Ең басты мақсат – оқушының сабақта үндемей отырмауын қадағалап, сабақты баяу қабылдайтын, түсінбейтін балалардан жиі сұрап, көбірек қозғап отыру керек.

Халықтық педагогиканың бір саласы – ұлттық ойындар. Қазақ халқының ұлттық ойын түрлерін өтетін тақырыпқа лайықтап пайдалану-тасада қалып келген дәстүрлерімізді қайта жандандырып, ұрпақтар бойына сіңіруге үлкен көмегін тигізеді. Сонымен бірге оқушылар халқымыздың өткен тарихына ойлы көз тастап, қарым-қатынасты, салт-дәстүрлерді саналы түрде сезінеді.

Оқушылардың физика сабағында пәнге ынтасын арттыруда, белсенділіктерін дамыту-

да пайдаланып жүрген ойын түрлерін келтіре кетсек.

Қазақтың «Қыз қуу» ойыны салт-дәстүріміздің бір түрі. Осы ойын шартын оқушыларға айта кетіп, сабағымызда оны қандай түрде орындайтынымызды түсіндіреміз. Тақтаға бір ұл, бір қыз шығып, тарау бойынша формулаларды бұрын жазып бітсе, қызды қуып жеткен болып есептеледі, ал қыздан қалып қойған жағдайда алып төлеу ретінде қыздың қойған сұрағына жауап береді.

Сабақ барысында мақал-мәтелдерге де көңіл бөлініп оларды физикалық тұрғыдан талдау тапсырылады: «Қазан отпен, адам әрекетпен қызады», «Көсеу ұзын болса қол күймейді», «Аузы күйген үрлеп ішеді». Мақалдың тәрбиелік мәні, жіберген қатеңді екінші рет болдырмауға, ол қатеңді тиесілі қорытынды жасай білуге меңзесі, физикалық тұрғыдан ыстық нәрседен үрлесек, содан кебу процесі тездетіліп, нәтижесінде оның температурасының төмендейтінін ұғуға болады.

Оқушылардың жалпы және жеке ойлау ерекшеліктерін қалыптастыру мен дамыту арқылы ғана қазіргі дүниенің ғылыми бояуын олардың бойына сіңіру болады. Ал, ойлау үрдісі ғылыми ұғымдар жүйесінің қалыптасуы мен дамуына тікелей байланысты және керісінше, ұғым дегеніміз-ой.

Әрбір оқушы оқу материалын шығармашылық деңгейде игере алады, яғни шығармашылық қабілетін дамытады. Бұл үшін оның шығармашылық ойын дамыту негізінде оқуға, яғни өздігінен білім алуға үйрету қажет. Қоршаған ортамен тығыз байланыстығы кез-келген табиғат құбылыстары шығармашылық жұмыстың бастауы бола алады. Әрбір жеке тұлғаның ақыл-ойының, шығармашылығының дамуына жағдай жасай білуіміз қажет.

Оқушылардың ой-өрісін кеңейтіп, олармен бірге жұмыстарын жиі жүргізіп, оны қызықты етіп өткізу әрбір саналы ұстаздың міндеті.

Сабақ шығармашылық еңбектің жүзеге асырылатын басты орны болғандықтан, шешуші міндетті жүзеге асыру – ұстаздың шеберлігіне тәуелді. Оқу материалын қызықты ету үшін ойлана, жан-жақты даярлаудың өзі ішкі шығармашылық күйді туындатып, оқушыларға берік те терең білім беруге мүмкіндік береді.

Жаңа тақырыпты өткенде, есеп шығарғанда тек айту, көрсету тәсілін көп қолдану оқушыларды жазып не көшіріп алатын, мұға-

лімнің айтқанын тындап дербес заңдылықтармен теорияларды айтып бетін, дайын білімді ғана қабылдайтын енжарлыққа тәрбиелейді. Ал оқыту процесінің басты мақсаттарының бірі – оқушыға дайын білімді беру ғана емес, келешекте, күнделікті тұрмыста алған білімдерін қолдана білуге, дербес ойлануға, ой тұжырымдауға және нәтижесін іске асыра білуге үйретеді. Ол үшін сабақта

- проблемалық жағдаяттар;
- эксперименттік жұмыстар;
- эвристикалық тәсілдерді қолдану керек.

Оқытудың негізгі мақсаты өз бетінше дами алатын жеке адамды қалыптастыру болғандықтан, оқушылар өз бетінше әрекет ету әдістері мен дағдыларын меңгеру керек.

Физика сабағында оқушылардың ізденімпаздық, ойлау қабілетін дамыту үшін осы әдістерді басшылыққа ала отырып, төмендегідей жоспармен жұмыс жасауға болады.

Оқушыларға сапалы білім беруді жүзеге асыру үшін төмендегідей шарттарды орындауды мақсат етеді:

- жалпы мәдениеттік мәні бар ұлттық, аймақтық, жергілікті материалдарды сабақтарда кеңінен пайдалану;
- оқушылардың тұлға ретінде дамуына жағдай жасау;
- оқушылардың физика сабақтарындағы белсенді іс-әрекеттерін ұйымдастыру үшін барынша көп мүмкіндіктер жасау;
- оқытудың әр кезеңінде оқушылардың пәнді оқуға қызығушылығын қалыптастырып, дамытып отыру;
- пәнаралық байланысты сабақта тиімді пайдалану;
- деңгейлік және саралап оқыту жағдайында барлық оқушылардың бағдарламалық білімді меңгеруін жүзеге асыру.

Қазақ этнопедагогикасы материалдарын мектептің оқу-тәрбие ісіне пайдалануды бүгінгі күні талабынан туындаған жаңашылдық (инновациялық) үрдіс ретінде қарастырсақ, оны жүзеге асырушы – педагог маман екені белгілі. Жаңашылдық іс-әрекетпен шұғылдану мұғалім, тәрбиешілерден педагогика, психология ғылымдарының теориясы мен ерекшелігін терең білуді және өз

пәнінің әдістемесін жетік меңгеру сияқты кәсіби педагогикалық қасиеттерді талап етеді. Қазақ этнопедагогикасы материалдарын оқу-тәрбие жүйесіне қаз-қалпында ендіре салу емес. Олардың мазмұнын, білімділік, тәрбиелік, дамытушылық мүмкіндіктерін жетік біліп, сонымен бірге педагогика ғылымының заңдылықтарымен, жеке принциптерімен ұштастыра отырып, осы заманғы оқу технологиясы мен формалары арқылы шеберлікпен, шығармашылықпен қолдана білгенде ғана педагогикалық ізденіс саласында тиімді нәтижелерге қол жеткізуге болады.

Ғылыми техниканың, компьютердің дамыған заманында бүгінгі жастар аз оқитын, сөз қоры саяз, көркем сөздерді өз ерекшеліктерімен орынды пайдаланбайтыны белгілі. Сондықтан физика пәнін оқытуда халықтық педагогика мұрасын насихаттау әр оқытушының міндеті. Осы орайда оқушылардың ой-өрісін кеңейтіп, үлкенді құрметтейтін, әділ, ер-жүрек, тапқырлықпен орынды, көркем тілмен ұтымды ой айта алатын, ізденімпаздыққа тәрбиелейтін шешендік сөздерді сабақ барысында қолдану оқушылардың білімге деген оқу-танымдық қызығушылығын арттырып, қазіргі қоғам талабына сай білім алуына көп әсер тигізеді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Қалиев С., Молдабеков Ж., Иманбекова Б. Этнопедагогика. – Астана, 2007.
- 2 Математика және физика журналы. – 2010. – №6.
- 3 «Физика» республикалық ғылыми-әдістемелік журналы.
- 4 Математика және физика журналы. – 2011. – №2.
- 5 Қожахметова К. Мектептің ұлттық тәрбие жүйесі: теория және практика – А., 1998.

Резюме

В статье представлены пути развития поисково-логического мышления учащихся через применение элементов этнопедагогики на уроках физики.

Conclusion

The article reviews the ways of development of searching-logical thinking of students through the usage of elements of ethnopedagogics at the lessons of physics.